

## **Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің 2024-2025 оқу жылында ғылыми-әдістемелік бағыты бойынша атқарылған жұмыстар есебі**

2024-2025 оқу жылына арналған мектептің проблемалық тақырыбы: «Нәтижеге бағдарланған білім бере отырып, жеке тұлғаның функционалдық сауаттылығын және оқу танымдық құзыреттілігін арттыру». Әдістемелік кеңес тақырыбы: «Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту». Осы тақырып аясында Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінде 2024-2025 оқу жылында ғылыми-әдістемелік бағыты бойынша жылдық жоспарға сай жұмыстар жүргізілді.

Мұғалімдердің біліктілік санаты бойынша: педагог-зерттеуші-7, педагог-сарапшы-18, педагог-модератор-20, педагог-10, санаты жоқ-4. Мұғалімдердің сапасы-42,3 %. Мұғалімдердің біліктілік курстарынан өуі: пән бойынша-13, лауазым-8, инклюзивті оқыту-5, жасанды интеллект-8. Сапа: 67%. Мектебімізде 8 бірлестік жұмыс жасайды.

### **2024-2025 оқу жылындағы мұғалімдердің жетістіктері:**

Қалалық «Жыл мұғалімі-2025» байқауынан химия пәні мұғалімі Куспанғалиева А.Г-3 орын, Қалалық педагогикалық оқулар-2025: Ахтамғалиева Г.Б-2 орын, Теміров Б.Н-2 орын, Намазова А.С-3 орын, Ибатоллаева М.М-3 орын, Сүлеймен А.Д-Алғыс хатқа ие болды. «Қалалық жас маман» Бағыт А.Ж-3 орын, «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» Тилеубаева Н.А Алғыс хатпен марапатталды.



24.04.2025 ж Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, ағартушы ғалым Халел Досмұхамедұлының туған күні және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 85 жылдығына орай өткізілген "KHALEL QUIZ" интеллектуалды сайысына мектебіміздің ұстаздары белсене қатысты. QUIZ ойыны— ұстаздарымыздың білімге деген құштарлығын, өз мамандығына деген сүйіспеншілігін тағы бір мәрте көрсетті.



**2024-2025 оқу жылында оқу әдістемелік бағыт бойынша өткізілген іс-шаралар, семинар-тренингтер:**

21.08.2024 жыл «Жаңа оқу жылы-жаңа мүмкіндік, тың идея» тақырыбында семинар өткізілді. Семинар барысында «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептерде білім берудің процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау

хат талданып, «Білім берудегі цифрлық шешімдер», педагог қызметкерлердің лауазымдық міндеттері туралы айтылды.



27.08.2024 ж Әдістемелік бірлестік отырыстары өткізілді. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспары, міндеттері таныстырылды.



28.08.2024 ж 2024-2025 оқу жылының №1 педагогикалық кеңесі өткізілді. Оқу жылының ерекшеліктері, жаңа оқу жылына қойылған міндеттер талқыланды.

05.09.2024 ж 5 қыркүйек Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай «Ахмет Байтұрсынов-кемеңгер, қоғам қайраткері» тақырыбында мектеп кітапханасында жазушының еңбектерімен таныстырып, кітаптарын оқуға шақырды. Тілдер мерекесіне орай «Ұстазбен бірер минут» ұстаздарға, «Үш тұғырлы тіл-уақыт талабы» оқушыларға арналған шаралар өтті.

20.09.2024 ж «Жарқын болашақ иесі-бүгінгі жас маман» жас мамандармен сырласу сағаты өткізілді.

"АТЫРАУ ЖАҢА МЕКТЕБІ" ШЕТЕЛДІК ТАҒЫЛЫМДАМАН КЕЙІН 30 қараша мен 8 желтоқсан аралығында "Шекарасыз білім беру" Халықаралық тағылымдамасы: Эстония мен Финляндияның тәжірибесі тақырыбындағы 2-модуль аясындағы бағдарламаға сәйкес мектеп басшысы Раджанна Саткалиевна Эстонияның Таллин, Финляндияның Хельсенки қалаларында шетелдік тағылымдамадан өтіп келіп, кейін мектебімізде PISA халықаралық зерттеулерінің нәтижесі бойынша алдыңғы қатарда тұрған елдер Эстония мен Финляндияның білім беру жүйесімен таныстырды. Тағылымдамадан кейінгі әсер ұжым мүшелерінің өзгерістерді қабылдап, болашақта бірлесе жұмыс жасауына септігін тигізді.



12.12.2024 ж «Атырау жаңа мектеп» жобасы аясында «Жаңа серпін-жаңа өзгеріс» тақырыбында педагогтерге арналған семинар өткізілді. Кретивті ойлау, командада жұмыс жасау, үнемі ізденісте болуды қажет ететін білім беру жүйесінде бағдарламаның берері зор.



26.12.2024 ж «Педфорсайт» тақырыбында жаңаша үлгіде педагогикалық кеңес өткізілді. Педфорсайт барысында мұғалімдер "Оқушының пәнге қызығушылығын арттырудың факторларын" командамен бірлесе талқылап, ұсына білді. Ментор тарапынан "Бәрі де оңай", "Құсбегінің бүркітті үйретуі" сияқты ой тастарлық мысалдар ұстаздардың сыни ойлауына түрткі болды. Педфорсайт барысында "Alpha ұрпақ ұстазына көмекші құрал - жасанды интеллект" тақырыбында спикер Назира Алдабергенқызы Тилеубаева іс-тәжірибесімен бөлісті. Ұстаздардың сұрақтары, ұсыныстары "Сұрақтар тұрағынан" алынып, кері байланыс берілді.





28.01.2025 ж «Жаңа мүмкіндік-жаңа өзгеріс» тақырыбында тәжірибе алмасу мақсатында Ю.Гагарин атындағы №4 орта мектебінде семинар өткізілді. Семинардың мақсаты - кәсіби қызмет үшін қажетті жаңа құзыреттілікті жетілдіру, тәжірибе алмасу.



05.02.2025 ж «PISA халықаралық зерттеуінің мақсаты мен маңыздылығы» тақырыбында пән мұғалімдеріне арналған семинар өткізілді. Семинарға мектебіміздің тілдік пәндер, жаратылыстану пән бірлестігі және МИФ бірлестігінің мұғалімдері қатысты. Семинардағы интерактивті әдістер мұғалімдерге құзыреттілікке бағытталған тапсырмалармен жұмыс істеу ерекшеліктерін қызықты түрде ашуға мүмкіндік берді.

06.02.2025 ж «PISA халықаралық зерттеуінің мақсат міндеттері» тақырыбында talking hour форматында оқушыларға арналған семинар өткізілді. Оқушылар оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, ғылыми-жаратылыстану сауаттылығына байланысты тапсырмаларды орындап, ойларымен бөлісті.

20.02.2025 ж «Қазіргі білім берудегі жасанды интеллекттің рөлі: мүмкіндіктері, бүгінгі мен болашағы» тақырыбында педагогикалық оқулар сайысының мектепшілік кезеңі өткізілді.




14.02.2025 ж «Арт терапия- жаратылыстану ғылымында» атты шеберлік сағат өтті. Мұғалімдер жұмыс аптасының соңғы күнінде жанға жайлы әуенмен өздеріне ұнаған суретті салып, арт – терапия өткізілді. Шара соңында ұстаздар өздерінің алған әсерлерімен бөлісті.



7.04.2025 ж «Жасанды интеллект:Болашаққа қадам»мұғалімдерге арналған семинар өткізді.Семинар барысында Жасанды интеллект технолорияларының медиа саласындағы рөлі,ақпаратты өңдеу мен контент жасаудағы тиімділігі талқыланды.



25.04.2025 ж «Жыл мұғалімі-2025» байқауының мектепшілік кезеңі өткізілді.




Жас мамандарымыз «USTAZHUB» жас мамандар форумына қатысты.



12.05.2025 ж Дарынды оқушыларды анықтау,оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында 8-11 сынып оқушылары арасында «Үздік ғылыми жоба-2025» байқауы

өткізілді.Байқауға 6 жоба жұмысы қатыстырылды.Қатысқан барлық оқушы қалалық кезеңге жіберілді.



16.05.2025 ж 2024-2025 оқу жылында жасалған жұмыстарына есеп беру мақсатында «Әдістемелік серпіліс-2025» тақырыбында Result Hab форматында жылдық жұмыстарды саралау семинары өткізілді.



### 2024-2025 оқу жылындағы оқушылардың жетістіктері:

19.09.2024 ж 2-7 сынып оқушыларына арналған «Зерде» зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстары мектепшілік кезеңі өткізілді.Қалалық кезеңге 10 оқушы қатысып,7 оқушы жүлделі орындармен марапатталды.



01.10.2024 ж 5-6 сыныптарға арналған «Алтын сақа» олимпиадасының мектепшілік кезеңі өткізілді.Мақсаты:Келесі оқу жылында математика пәнінен олимпиада резервтерін анықтау.

03.10.2024 ж 3-4 сыныптарға арналған «Алтын сақа» олимпиадасының мектепшілік кезеңі өткізілді. Мақсаты:Келесі оқу жылында математика пәнінен олимпиада резервтерін анықтау.

07.10.2024 ж Атырау Мемлекеттік Университеті жанындағы Қ.Табылдиев атындағы ғылыми зерттеу институтымен танысу,ұстаздармен кездесу ұйымдастырылды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сыныптарға арналған республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өткізілді.Қалалық кезеңнен 5 оқушы жүлделі орындар алды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сыныптарға арналған республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өткізілді. Қалалық кезеңнен 4 оқушы жүлделі орындарға ие болды.

25-26.11.2024 ж Жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сыныптарға арналған республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өткізілді. Қалалық кезеңнен 8 оқушы жүлделі орындар алды.

02.12.2024 ж Жалпы білім беретін пәндер бойынша 2-4 сыныптарға арналған республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өткізілді.

14.01.2025 ж «SMG Education Atyrau» білім беру жобалары орталығының ұйымдастыруымен 4-5 сынып оқушыларына «Атырау қаласының 100 үздік оқушысы» зияткерлік жобасы аясында іріктеу тест жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 4 сынып оқушысы Қалымжанұлы Нұрлан және 5 сынып оқушысы Аргенов Әділхан Атырау қаласының 100 үздік оқушыларының қатарына енді.

11.02.2025 ж Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Бастау» математикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңі өткізілді.

14.02.2025 ж «Science quiz» 9-11 сынып оқушыларына арналған интеллектуалды ойыны өткізілді.

10.04.2025 ж «Ерекше білімді қажет ететін оқушылар үшін білім беру ерекшеліктері» тақырыбында семинар өткізілді.

11-сынып оқушыларына арналған қалалық «GRADUATES QUIZ» зияткерлік сайысынан оқушыларымыз 1-орынды 20 мың теңгелік сертификатты иеленді.



13.05.2025 ж 9-10 сынып оқушылары арасында өткен "ZERDELI QUIZ" зияткерлік сайысына мектебіміздің 9-10 сынып оқушыларынан құралған команда, яғни 9 "а" сынып оқушылары Сағынтаев Талғар, Каби Темірлан, 9"ә" сынып оқушысы Жакселиков Ануар, 10 "ә" сынып оқушылары Ерімбетов Жангелді, Ажғалиев Альазиз, Серікұлы Нұрхат, Ақкөней Балнұр, Ренатқызы Марта үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі 2-орынға ие болды.



Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жұмыс жоспарына сәйкес 5 мамыр күні 10"а,ә" сынып оқушылары Атырау облысық тарихи-өлкетану музейінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған "Сарғайған хаттар сөйлейді" көрмесін тамашалады. Оқушылар өлкемізден шыққан батырларымыздың ерліктерімен, соғыс майданынан жіберілген хаттардың түпнұсқаларымен танысты. Оқушыларымыз көрме туралы ойларын БАҚ өкілдерімен бөлісті.



«XXI ғасыр көшбасшысы» Аманбай Нұрхат-облыстық кезең, алғыс хат, жетекшісі: Саламатова Ж



2024-2025 оқу жылы бойынша 8 әдістемелік бірлестік жұмыс жоспарына сай апталық, онкүндік шараларын жоспарға сай өткізді.

**2024-2025 оқу жылы бойынша СВОТ талдау.**

**Күшті жақтары (Strengths):**

- Ғылыми әдістемелік бағыт бойынша жоспардың іске асуы;
- Проблемалық тақырыпты шешу мақсатында педагогтердің кәсіби дамуы,біліктілік санаттарын көтеруі,біліктілікті арттыру курстарынан өтуі;
- Оқушылардың жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қалалық кезеңінен көптеп орындар алуы;
- Қала көлемінде зияткерлік,интеллектуалдық ойындарға қатысып,жүлделі орындар алуы;

**Әлсіз жақтары (Weaknesses):**

- Педагогтердің кәсіби байқауларға көбірек қатысуы;
- Оқушыларды қала,облыс көлеміндегі байқауларға көбірек қатысуы ;

**Мүмкіндіктер (Opportunities):**

- Оқушылардың облыс,республика көлеміндегі байқауларға қатысып,жүлделі орындар алуы;
- Педагогтердің біліктілік арттыру курстарынан тәжірибе алмасу мақсатында Қазақстанның басқа қалаларынан курстардан өтуі;
- Халықаралық байқаулар мен олимпиадаларға қатысу;
- Жетістіктер арқылы мотивацияны арттыру.
- Мұғалімдердің біліктілік санатын көтеру
- Жасанды интеллект және жаңа технологияларды пайдалану

**Директордың оқу әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары: А.Казимова**